

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ., ЕРІК Г.	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

М.Б. ИБРАЕВА



Назарбаев Университеті, Қазақстан, Астана

(e-mail: mribrayeva@nu.edu.kz)

ПОСТСУБМӘДЕНИЕТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Жаһандану субмәдениетке елеулі түрде ықпал етуде. Субмәдениет жалпы өркениеттің дамуы және этносаралық қатынастан пайда болған ерекше құбылыс болып табылады. Әр субмәдениеттің өзіне тән тіл қатынастары яғни лексикасы, сөйлеу мәнері мен оны қабылдау ерекшеліктері болады.

Мақаланың негізгі мақсаты – субмәдениет ұғымын диахрониялық тұрғыдан талдау және қазіргі жастардың сөйлеу ерекшелігін зерттеп, тілдің эволюциясына әсерін анықтау. Мақалада субмәдениет ұғымының концептуалды мағынасы, постсубмәдениет өкілдерінің тілдік көрінісі және коммуникативті ерекшеліктері талданады. Жаһандану заманында субмәдениет трансформацияланып, орнына постсубмәдениет пайда болды. Постсубмәдениет кезеңінде жастардың барлығы виртуалды өмір сүргендіктен, топтық бірігуден гөрі жеке тұлғаға басымдық беріледі. Мақаланың негізгі бөлімінде қазіргі жастардың ауызша және жазбаша дискурста сленг, жаргондарды, англицизмдерді жиі пайдаланатыны дәлелденеді. Сленгизм жастарға сөйлеудегі шиеленісті жеңуге, коммуникацияға түсуге зор ықпал етеді. Сондай-ақ, қысқартулар, аббревиатуралар, дисфемизмдер кездесетіні анықталды.

Түйін сөздер: постсубмәдениет, тілдік бейне, диахрония, арнайы белгілер, дискурс.

Кіріспе. Ғылыми зерттеулерде субмәдениет мәдениет ішіндегі кішігірім мәдениетті құрайды. Субмәдениет теориясы бойынша әр субмәдениет қоғамнан оқшауланып, өз құндылықтарымен өмір сүреді. Субмәдениеттің тілдік коды қоғаммен бірге қалыптасады [1]. Субмәдениеттің теориялық концепциясы әр қырынан зерттеліп келеді. Профессор Ш. Блэкманнның пікірінше, субмәдениет теориясы жастар арасында өзекті және заманға сай өзгеріп толықтырылып отырады. Ғалым субмәдениетті әлеуметтанулық парадигмаға сәйкес өзгермелі хамелеон теориясы», – деп атап көрсетеді [2, 104]. Субмәдениетті құрайтын топтарға зер салсақ, әр заманға сай жаңа субмәдени топтар пайда болып, уақыт өте өзгеріп отырған. Деректер бойынша субмәдениеттердің пайда болуы мамандыққа, әлеуметтік жағдайға, жаңа трендтерге байланысты [3]. Бүгінгі таңда - технология заманында постсубмәдениет ұғымы пайда болды.

Мақаланың негізгі мақсаты – субмәдениет ұғымының семантикасын талдап, қазіргі жастардың тілдік ерекшеліктерін анықтау.

Субмәдениет мәселесі жүз жылға жуық уақыт бойы әлеуметтану, антропология, криминология, психология және психоанализ салалары тұрғысынан зерттеліп, жаңа ұғымдар пайда болды, мәселен кәсіби субмәдениет, діни субмәдениет, тұтынушылар субмәдениеті, нашақорлар субмәдениеті, иммигранттар субмәдениеті, киберқылмыс субмәдениеті, полиция субмәдениеті, постсубмәдениет [4,3]. Постсубмәдениеттің тілге, санаға әсерін когнитивті лингвистика, коммуникативті прагматика, риторика, стилистика және т.б. сала аясында зерттеу өзектілігі арта бастады [5, 6, 7, 8]. Біздің зерттеу жұмысымыз коммуникативті прагматикаға негізделеді.

Зерттеу нәтижелерін ғылыми мақалаларда, зерттеу жұмыстарында және тақырыптық талқылаулар мен дәрістерде пайдалануға болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Коммуникативті прагматика мәселелерін әртүрлі ғылым салаларымен ұштастырып қарастырған кең көлемді зерттеулерге жол ашып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мақала субмәдениет мәселесін әр қырынан зерттеген қазіргі заманауи ғалымдардың ұлттық және халықаралық теориялық концепцияларына негізделеді. Зерттеу әдебиетіне шолу жасау мақсатында жалпытеориялық әдіс басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысында субмәдениет ұғымының семантикасына диахрониялық талдау жасалды және қазіргі жастардың тілдік ерекшеліктерін анықтау мақсатында дискурсті талдау әдісі қолданылды. Негізгі зерттеу материалы facebook, twitter, Instagram әлеуметтік парақшаларынан алынды. Комментарийлер мен қысқа диалогтар талдауға алынды. Талдау әдісі негізгі материалға интерпретация жасауға оң септігін тигізді.

Зерттеуші-лингвист О.Б.Сиротинина және В.Е. Гольдинның авторлығымен жасалған модельге негізделген. Зерттеушілер осы модель бойынша сөйлеу мәдениетінің бес түрін ажыратқан. Олар толық функционалды, толық емес функционалды, орташа әдеби, әдеби жаргонды және тұрмыстық [9, 10]. Нақтылайтын болсақ, қазіргі жастардың тілі әдеби жаргонды түрге жатады (О.Б.Сиротинина және В.Е. Гольдинның ұсынған моделі бойынша), өйткені анықтамаға сәйкес топ мүшелерінің басым бөлігі сөйлеу барысында әдеби стильді қолданғанымен ауызекі тілге сүйенеді, арнайы сленгтерді жиі пайдаланады және экспрессивті лексика жиі кездеседі.

Жұмыстың жаңалығы субмәдениет ұғымына жаңаша көзқарас, қазіргі жастардың постсубмәдениет өкілі ретіндегі тілдік тұлғасын, сөйлеу мәнерін және экспрессивтік-бейнелік құралдарды қолдану ерекшеліктерін зерттеуде болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін студенттерге арналған тақырыптық талқылауларда, дәрістерде және зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.

Талқылау мен бақылау. Субмәдениет мәдениеттің тармағы болғандықтан, әр субмәдениеттің өзіне тән белгілері болады. Субмәдениет арнайы құндылықтар, ұстанымдар, арнайы лексика секілді құрылымдық компоненттер негізінде қалыптасады. Тіпті, ортақ діни сенім де субмәдениеттің қалыптасуына негіз болуы мүмкін. Дегенмен, субмәдениет барлығына ортақ мәдениеттен лексикасымен, өмір сүру салтымен ерекшеленетін әлеуметтік топ болса да, ортақ мәдениетпен байланысты [10].

Субмәдениет туралы алғашқы ғылыми еңбектер Ұлыбритания жастарының субмәдениеттерін зерттеуден басталған. Әуелде субмәдениет теориясының алғышарты Ұлыбританияның жас жұмысшыларында құндылық жоқ деген ойдан туындаған [11]. Субмәдениет ұғымының этимологиясы бойынша «суб» қоғамның консервативті үлгілеріне қарама-қайшы ойлау жүйесін білдіреді [11]. Деректерге сай субмәдениеттің ғаламдық, жанама және виртуалды түрлері бар [12]. Сонымен қатар, жастардың өмір сүру салтына музыка жақын болған соң, музыкалық субмәдениет түрі көп таралған десек болады. «Субмәдениет» ұғымы алғашқы рет 1914 жылы ағылшын құжаттарында қолданылған [13]. Сол кездегі құжаттарға сүйенсек, субмәдениет жеке адамдар тобы және олардың мәдениеті деген мағынаға ие болған. Дегенмен, уақыт өте мағынасы толықтырылып, аясы кеңейе түскен. Оның дәлелдемесі ғалымдардың «субмәдениет» ұғымын әртүрлі деректерде түрлі мағынада қолдануы. Америкалық зерттеуші Д. Милтон Йингер «субмәдениет» ұғымының 100-ден астам түсініктемесі мен сипаттамасы берілген кітаптарды зерттеген екен [15]. Субмәдениет ұғымын анықтау барысында әртүрлі пікірлер болғандықтан, бұл ұғымның мағынасын үш түрге бөлуге болады:

- әр мәдениет шеңберінде ортақ стандарттарға шектеу қоятын бағыт;
- белгілі бір мәдениет ішінде өз құндылықтары, тілі, киім стилі не әдеттері бар топ;
- мәдениет ішінде көпшіліктің құндылықтарымен шиеленісу себебінен туындаған топ [15].

XX ғасырдың ортасында америкалық әлеуметтанушы Милтон Гордон ғылыми еңбегінде «субмәдениет» ұғымына жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлар жиынтығы деген анықтама ұсынған. М.Гордонның пікірінше, «субмәдениет» – таптық статус, аймақ, өмір сүру түрі, этникалық шығу тегі, діні секілді жеке әлеуметтік жағдайлардан тұратын тұтас функционалды бірлікті құрайтын ұлттық мәдениеттің кластері. Аталмыш ғылыми еңбекте «субмәдениет» тар мағынада ортақ ерекшеліктері бар жастар мәдениетін білдірсе, кең мағынада ұлттық мәдениет ішіндегі кез келген (жастар ғана емес) топтардың мәдени ерекшеліктерін білдіреді [13]. Ал, 1950 жылы америкалық әлеуметтанушы Дэвид Рисмен өзінің «The Lonely Crowd» атты еңбегінде «субмәдениет - бұл азшылық топтардың құндылықтары мен стилі» деген қорытындыға келген [14]. Осы айтылған пікірдің сабақтастығын келесі ғалымның еңбегінен көруге болады. Британиялық профессор Дик Хэбдидж өзінің «Subculture: The meaning of style» атты кітабында «субмәдениет көпшілік қабылдаған стандарттармен келіспейтін топтан құралады», – деп тұжырымдаған [14]. Сонымен, субмәдениет ұғымының мағынасы жан-жақты болғандықтан, оны зерттеу мәселесі әлі де өзектілігін жоғалтпаған. Ойымызды жалғастыратын болсақ, XX-ғасырдың ортасынан бастап, субмәдениет мәселесі батыста да, жақын шетелде де терең зерттелді. Осы мәселенің зерттеуіне көп үлес қосқан батыс профессорлардың бірі Росс Хаенфлер. Ғалым «Subcultures: The Basics» атты кітабында субмәдениеттің басты ерекшеліктерін, топ мүшелерін, себептерін және қоғамның көзқарасын суреттеген [15]. Дей тұрғанмен, Р. Хаенфлер субмәдениетке жалпы түсінік берсе, субмәдениетті егжей-тегжейлі зерттеген басқа да еңбектер бар. Мысалы, Дэвид Хесмондальдың «Subcultures, Scenes or Tribes? None of the above» атты еңбегінде музыка түрлері субмәдениет тұрғысынан қарастырылған [16]. Зерттеу авторы музыканың түрлі бағыттарын зерттей келе (рок, регги, металл, т.б.) жаңа субмәдениеттердің пайда болу теориясына қарсы шығады.

Ресей зерттеушілері В.И. Курбатов, Ю.Г. Волков және К.В. Воденко бүгінгі таңдағы жастардың онлайн субмәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеген. Зерттеушілердің пікірінше, жастар виртуалды өмірді көбірек ұнататындықтан, жаңа құндылықтарға бет бұрып, жеке субмәдениет қалыптастыра білген [17].

Субмәдениетті зерттеудің басқа үлгісін – Е.О. Смирнованың «Современная Детская Субкультура» атты еңбегінен көруге болады [18]. Осы еңбекте Е.О. Смирнова сыртқы факторлардың әсерінен пайда болған балалар субмәдениетін сипаттайды. Зерттеуші субмәдениет балалардың өміріне зиян келтіреді деп қарсы пікір білдірген [18, 20].

Жеке топтардың өмір сүруі көбінесе белгілі бір жұмыс түрлерімен байланысты (кәсіби қауымдастықтар, ұлттық бірлестіктер және т.б.). Субмәдениет өкіліне имидж деген жай ғана сыртқы келбет емес, ол субмәдениеттің құндылықтарын насихаттауға арналған маңызды құрал. Бүгінгі таңда көпшілікке белгілі рок, хиппи, панк, гот, эмо және тағы сондай сияқты субмәдениет түрлері XX-ғасырдың ортасынан бастап пайда болды. Ал, соңғы жылдары ғаламтордың даму және қолжетімді болу нәтижесінде К-рор, аниме және e-boy/e-girl тәрізді субмәдениет түрлерінің саны арта бастады. К-рор мәдениет мүшелерінің ортақ қызығушылығы – Корея өнері мен мәдениеті. К-рор мүшелері – жастар және олардың ортақ лексикасы, және көпшіліктен айрықша қылатын ерекше киім үлгілері бар. Одан кейін тізімде геймерлер, хип-хоп және аниме ұнататындар орналасқан. Сонымен, зерттеушілер түрлі субмәдениеттерді сипаттай келе, тіл әр субмәдениетті бір-бірінен ерекшелетін ең маңызды фактор деген тұжырым жасайды: «Субмәдениеттер стилистикалық өрнектерімен, әсіресе тілімен, музыкасымен, киімімен және биімен бір-бірінен ерекшеленеді» [19]. Біздің пайымдауымызша, субмәдениеттердің типологиялық параметрлері ретінде келесі тілдік сипаттамаларды атауға болады: лингвоцентризм, бетпе-бет немесе виртуалды қарым-қатынас және сөйлеу ерекшеліктері. Субмәдениеттер лингвоцентризмі туралы айтар болсақ, тіл, бір жағынан, субмәдени қоғамдастықтың қарым-қатынас құралы ретінде, ал екінші жағынан, субмәдениет өкілдерін біріктіретін материал ретінде қолданылады.

Пандемияға дейін елімізде Q-POP субмәдениеті қарқынды түрде дамыған. *Q-rop Qazaq* (rop (Қазақ поп) сөзінен шыққан аббревиатура) — 1990 жылдары батыстық электроника, электропоп, хип-хоп, билейтін музыка, заманауи ритм-н-блюз (R'n'B) элементтерін өз бойына сіңірген, Оңтүстік Кореяда құрылған K-rop жанырынан бастау алған жаңа музыкалық жанр, субмәдениет. Бұл жанрдың негізін қалаушысы 2015 ж. Q-rop бағытына түрткі болған Ninety One тобы. Көпке ұзамай Q-rop бағытына еліктейтін сумәдениеттер пайда бола бастады. Алайда, компьютеризация заманы қарқынды дамып, жастар виртуалды өмірге көп жүгіне бастағандықтан субмәдениеттің өзектілігі жойылып, постсубмәдениет пайда болды. Постсубмәдениет дегеніміз өзін таныту үшін топтық бірігуден гөрі жеке тұлғаға басымдық беріледі [20, 258]. Байқағанымыздай, постсубмәдениетте ережелер, аутенттілік, идеологиялық міндеттеме болмайды. Сайып келгенде, аутентті, өзгермейтін субмәдениет жоқ.

Дискурс тұрғысынан қарастырсақ, субмәдениет мүшелерінің сөзінде арнайы лексика түпнұсқада пайдаланылатынын байқауға болады. Мәселен, спорттың экстремалды түрлері: паркур, скейтинг, бейсджампинг, т.б.. Экстремал-спортсмендердің негізгі мақсаты трюктерді орындау. Олар үшін тіл (оның ішінде ағылшын/орыс тілінен енген терминология) арнайы саладағы ұғымдарды атау тұрғысынан маңызды, мысалы, «рол – баспен аударылып түсу», «манки – тосқауылдардан секіру», скейтерлер үшін «грэб – скейтбордты қолмен ұстап тұрып жасайтын трюк». Музыкант-металлистер үшін («полив, бомбилово») ойынның техникасы, дыбысталуы («мясо, кач»), халықтың көңіл-күйі («жесть, жесткач»), ал гот пен эмо үшін дүниетанымдық ұстанымдар мен сезімдер маңызды [3, 96]. Көріп отырғанымыздай, субмәдени топтардың лексикасында орыс тілінен енген қысқа, бірбуынды сөздер жиі кездеседі. Жастардың өзара сөйлескенде және жазысқанда көбінесе сленг не арнайы лексикадан құралған ортақ тілді жиі пайдаланатыны айқындалды:

ауызекі тілде пайдаланатын сленг: бабло – «ақша», клёво/ляпаста – «жақсы», лафа/ништjak – «керемет», облом – «ойдың іске аспауы», расслабуха – «демаду», тормоз – «баяу шешім қабылдау», угарать – «көңіл көтеру», хавать – «тамақ ішу», по барабану «бәрібір», прикольно «қызық», қоянның суретін салу «қашу», т.б.;

оқумен байланысты өте жиі қолданылатын арнайы жаргонизмдер: дин – «декан», органайзер «педагог-ұйымдастырушы», сикьюр – «күзетші», дроп жасау – «курстан шығу», чейр – «меңгеруші», апгрейд «жақсару», мидка «аралық жұмысы», «асайнмент» тапсырма, атенданс «сабаққа келу», финалдар «емтихандар», т.б.

Ойымызды тұжырымдайтын болсақ, бұл жерде сленгизм әлеуметтік топтың құрылуына, топ мүшелерінің бір-бірімен бірігуіне зор ықпал етеді.

Қазіргі жастар сөзінде қысқартуларды, аббревиатураларды және ресми тілден гөрі ауызекі тілді көбірек пайдалануы олардың лексикасына тән ерекшелік. Жастардың сөзінде интеркаляциялық бірліктер жиі кездеседі. Сонымен қатар, олар бір-бірімен көбінесе эмодзи, смайлик/суреттер арқылы жазбаша хабарласады. Синтаксис тұрғысынан қысқа, толық емес жай сөйлемдер мен лепті сөйлемдерді жиі пайдаланатыны айқындалды: ...АҚШ-тан келдім. Қалаларын араладым. Әдемі, ништjak екен! Возможность болса тағы тұруға болады.

...Ағам музыкант, ммм үлкен. Өзімен өзі. Прикольно.

Төменде келесі дискурс берілген:

- Бүгін «Старбаксқа» барып қайтатын шығармын.
- Уау! Қосыламын.
- Осындай прикид қалай, үлкен бе?
- Емес.
- Бро, ботаникалық бақта фотосессия ұйымдастырайық. Поугараем.
- Облом, мен қатыса алмаймын.
- Оқуды бітірісек!
- OMG, қашан расслабуха!
- Дроп жасаймын не топтан шығатын шығармын...

- Эдвайзеріңмен сөйлесіп көрсенші. Тормоздаңба, әлі уақыт бар.
- Ертең соңғы үш тарау бойынша мидқа.
- Ааа, по барабану, үлгермеймін.
- Билеп расслабуха ұстайық.
- Пре-жиза!
- Субмәдениетті ұнатпайтын хейтерлер көп, бірақ біз қатты ерекшеленбейміз.

Мимишныймыз (күледі). Біз Q-rop-тың фан-клубындамыз.

Сонымен, дискурстан байқағанымыздай, орыс тілінен енген сленгтер, жаргонизмдер, қысқартылған сөйлемдер жиі пайдаланылған және бір-бірін оңай түсінетіні көрінеді.

Студент-жастардың лексикасын қарастыратын болсақ:

OMG «апыр-ай», LOL «ха-ха», РКМ «рақмет», неғо «это...» тәрізді қысқартулар және я думаю так «менің ойымша» қыстырма сөзі жиі байқалады. Сонымен қатар музыкалық терминдер де жиі кездеседі: бойз-бенд «ұлдар тобы», батл «күрес», фанмитинг «жанкүйерлер кездесуі», eaglez «топ атауы», пројект «жоба», фан-клуб «жанкүйерлер тобы», той-поп «тойға қатысу», казахская айдентика «қазақ бірегейлігі», фан-зона «жанкүйерлер зонасы», «шабашка», таргет «мақсат», лайкать «дауыс беру», балапанчик, лейбл «атау», синглмен «жалғыз», вижувал «көрнекі», фандом «жанкүйерлер ұйымы», тоталитарлы «толық тұтас», мимишный, пре-жиза «өмір», бро «достым», диарс «қымбаттым», камбэк «қайту», халфать «жартылай», хейтер «қарсы шығушы», герл-бенд «қыздар тобы», бьюти-тренд «әдемілік үрдісі», айдол «солист», пиарить «жарнамалау», сабгруппа «шағын топ», макнэ «ең кіші топ мүшесі», лайтстик «топ мүшелерінің арнайы белгісі», т.б. секілді арнайы лексика. Бұл жастардың жиілік сөздер тізімі. Осы лексика арқылы олардың бір-бірімен оңай түсінетіні байқалады.

Білім саласында жүрген жастар ойын дәлелдеуде қыстырма сөздерді белсенді қолданады. Мәселен, меніңше, менің ойымша, деп ойлаймын, т.б. дискурсивті сөз тіркестері баяндаудың логикалық құрылымына оң септігін тигізетіні байқалады. Оны келесі мысалдардан көруге болады. Меніңше, музыка адамға жақсы әсер етеді. Оқудан не басқа жерден шаршап келгенде ұнататын музыка тыңдаса релаксация болады. Субмәдениеттің теріс әсері бар шығар, бірақ ол жағымсыз субмәдениеттер, мысалы скинхедтер.

Әрқайсысының өзінің ұнататын ісі болу керек. Меніңше, ол іс жағымды бейбіт болу керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, негізі, сөйтіп, сонымен, әрине сияқты қыстырма сөздер жиі кездеседі: Биге мен, негізі, бала кезімнен қызыға бастадм, бірақ билемедім. Ұялдым ба... Сөйтіп, оқуға түскен соң, екінші курста студенттермен бірігіп, өзіміз билей бастадық. Жақсы... Мысалы, там, туыстардың тойында, студенттік кештерде, іс-шараларда билеп береміз. Кей кезде флешмоб ұйымдастырамыз.

Байқауымызша, пікір бөліскенде ойын дәлелдеп, тыңдаушыны көндіру олар үшін өте маңызды. Мен есімдігін және бірінші жақтың көпше түрін пайдалануы жеке тұлғаға басымдық берілетінін аңғартады. Бізді түсіну – ол өнер. Көбінесе жастар біздің биімізді қалайды. Біз солай көңіл көтереміз сабақ арасында. Ата-аналарымыз қарсы емес, бізде жаман мақсат жоқ.

Стилистика тұрғысынан талдайтын болсақ, қазіргі жастарға метонимия, метафораларды жиі болмаса да қолдану тән: Димашқа бардық (Д.Құдайберген концерті), жақсы өтті, ол бьюти-трендтің нағыз үлгісі. Оның дауысын тыңдай берем, маған бальзам ол. Балаларға (мүгедек балаларға) медициналық жабдық алуға жақсы жиналды (көрермен/ақша). Ол пројект-ті кім ойлап тапты? Қазақ айдентикасын вижувал көрсетті (әншілер).

Кеше бірсыпыра балалармен кафеде кездестік. Так себе. Дизайн прикольный бірақ іші тас. Расслабуха болды, поутарали.

Қазіргі жастардың дисфемизмдерді жиі болмаса да пайдаланатыны анықталды. Оны келесі мысалдардан көруге болады. Бұл - ақпа құлақ, неше рет айтылса да өзінікін істей береді. Менің сіңілім ақ саусақ, көп нәрсеге икемі жоқ. Неше рет жаздым сендерге, соқырсыңдар ма? Жастардың дисфемизмдерді пайдалануын біз мінездің қызбалығымен, шыдамсыздықпен және уақыттың тығызыдығымен байланыстырамыз.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде жастарға англицизмдерді пайдалану тән ерекшелік екені анықталды. Провайдер, сингл, секьюрити, ремейк, абьюз, хейтер секілді т.б. англицизмдер жиі кездеседі.

Зерттеу нәтижесін диаграммадан көруге болады.




Диаграмма – 1 Жастардың лексикалық бірліктерді қолдану жиілігі

Ірі трендтерге ғана назар аударсақ, бейтарап пен қысқарған сөздер көп пайдаланылады және интеркаляция жиі кездеседі. Сондай-ақ, сленг пен жаргондар жоғары деңгейде орын алған.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде субмәдениеттің эволюциясын және жастардың сөзін талдай келе мынандай қорытынды жасауға болады:

- субмәдениет әлеуметтік қауымдастық ретінде этнос, шығу тегі, діні, жасы, тұрғылықты жері, кәсібі, әлеуметтік жағдайы секілді факторлар негізінде қалыптасады. Алайда, бүгінгі таңда заманауи үрдістердің бірі цифрлік технология болғандықтан виртуалды қарым-қатынас қарыштап дамып постсубмәдениет өзектілігі арта түсті. Постсубмәдениетте топтық бірігуден гөрі индивидуализация басым;

- жастар әсіресе қысқарған сөздер мен бейтарап сөздерді ең көп пайдаланады;
- жастар сөзінде метафоралар мен метонимия тәрізді амал-тәсілдерді және аббревиатураларды аз пайдаланады;
- жастардың сөзінде интеркаляцияға ұшыраған сөздер, сленг, жаргондар, т.б. қолданылу аясы жағынан жиі кездеседі.

Қорытынды. Субмәдениет өте кең және көпқырлы ұғым. Жаһанданған әлемде ақпараттық технология мен постмодернистік қоғам субмәдениеттің трансформациялануына басты себеп болды. Бүгінгі таңда виртуалды субмәдениет жастар арасында жақсы дамығандықтан, топтық ынтымақтастықтың орнына жеке тұлғаға екпін қойылады. Тіл субмәдени қоғамдастықтың қарым-қатынас құралы және субмәдениет өкілдерін біріктіретін маңызды құрал. Жастар сөзінде қысқартуларды, аббревиатураларды, сленг пен жаргондарды, англицизмдерді, т.б. және ресми тілден гөрі ауызекі тілді көбірек пайдаланатыны анықталды. Негізінен, бір саланың сленгтері мен жаргондары және т.б. лексикалық бірліктері екінші саламен өзара әрекеттесіп, әдеби тілге әсер етеді.

Постсубмәдениетті диахрониялық тұрғыдан және жастардың тілдік ерекшелігін зерттеу бүгінде белсенді түрде жалғасуда. Келесі зерттеулерде постсубмәдениет өкілдерінің

лексикалық құрамына, көлеміне гендерлік сипаттама тұрғысынан корреляциялық талдау жасау, сонымен қатар орта буынды тілдік ерекшелік тұрғысынан зерттеу перспективалы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Ерофеева Т.И. Субкультура в лингвистическом освещении // Социо-е и психолнгвистические исследования. – М.: – 2013. – № 1. – С. 5-10.
2. Blackman Shane. Subculture Theory: An Historical and Contemporary Assessment of the Concept for Understanding Deviance // Deviant Behavior. - 2014. – №35 (6). – pp. 496-512.
3. Ерасов Б.С. Специальная культурология. – М.: Аспект-Пресс, 2000. – 591 с.
4. Chijioke J. Nwalozie. Rethinking Subculture and Subcultural Theory in the Study of Youth Crime - A Theoretical Discourse // Journal of Theoretical and Philosophical Criminology. – 2015. – №7. – pp. 1-16.
5. Щепанская Т.Б. Символика молодежной субкультуры: опыт этнографического исследования системы 1986-1989 гг. – М.: Наука, 1993. – 340 с.
6. Гольдин В.Е. Речевая культура. – М.: Наука, 1997. – 413 с.
7. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
8. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Издательство ЛКИ, 2010. – 264 с.
9. Сиротинина О. Б. Характеристика типов речевой культуры в сфере действия литературного языка // Проблемы речевой коммуникации. – 2003. – №2. – С. 3-20.
10. Дэвид Д., Джери Дж. Большой толковый социологический словарь. – М.: Наука, 2001. – 371 с.
11. Ryan M. Cultural studies: A practical introduction. H.: Wiley, 2010. – 210 p.
12. Thornton S. Club cultures: Music, media, and subcultural capital. C.: Polity Press, 1996. – 302 p.
13. What is subculture? // An introduction to Japanese subcultures. Keio University. URL: <https://www.futurelearn.com/info/courses/intro-to-japanese-subculture>.
14. Yinger J. M. Contraculture and subculture // American sociological review. – US: American Sociological Association. – 1960. - №25 (5). – pp. 625-635.
15. Haenfler R. Subcultures: The basics. L.: Routledge, 2013. – 192 p.
16. Hesmondhalgh D. Subcultures, Scenes or Tribes? None of the Above // Journal of Youth Studies. – 2005. - №8 (1). – pp. 21-40.
17. Курбатов В.И., Волков Ю.Г., Воденко К.В. Молодежная субкультура в сетевых сообществах: приоритеты молодежи в социальных сетях и трансформация социально-информационного поведения // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. – 2019. – №10 (96). – С. 34-38.
18. Смирнова Е.О. Современная детская субкультура. – М.: Наука, 2015. – 125 с.
19. Андреев В.К. Лингвистические параметры типологизации современных молодежных субкультур // Вестник Волгогр. гос. ун-та. Языкознание. – 2011. №1 (13). – С. 92-98.
20. Жаркова М.А. Максимова О.А. Молодежные пост (субкультуры) в контексте становления постмодернистского и информационного общества // Вестник экономики, права и социологии. – 2012. – № 3. – С. 257-261.

М.Б. ИБРАЕВА

Назарбаев Университет, Казахстан, Астана

ЯЗЫКОВОЙ ПОРТРЕТ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ПОСТСУБКУЛЬТУРЫ

Аннотация. Глобализация существенно влияет на субкультуру. Субкультура – это особое явление, возникающее в результате развития цивилизаций и межэтнических отношений.

Каждая субкультура имеет свои языковые отношения, т.е. лексику, стиль речи и особенности ее восприятия.

Основная цель статьи – проанализировать понятие субкультуры с диахронической точки зрения, изучить особенности речи современной молодежи, определить ее влияние на эволюцию языка. В статье анализируется концептуальное значение понятия субкультура, языковое выражение и коммуникативные особенности представителей постсубкультуры.

Методы исследования: общетеоретический метод, диахронический анализ, дискурсивный анализ. Исследовательская работа основана на модели культуры речи.

В эпоху глобализации субкультура трансформировалась в постсубкультуру. В постсубкультурный период молодежь отдает предпочтение виртуальному миру, а индивидуализация становится приоритетнее групповой сплоченности. Сленгизм способствует преодолению напряжения в речи и развитию коммуникации. Также встречаются аббревиатуры и сокращения, дисфемизмы в речи.

Ключевые слова: постсубкультура, языковой образ, диахрония, отличительные черты, дискурс.

M.B. IBRAYEVA

Nazarbayev University, Kazakhstan, Astana

LANGUAGE PORTRAIT OF POSTSUBCULTURE REPRESENTATIVES

Annotation. Globalization significantly affects subculture. Subculture is a special phenomenon that arises due to the development of general civilizational and interethnic relations. Each subculture has its own language relations, i.e. lexicon, style of language and special features of perception.

The main goal of the article is to analyze subculture from the diachronic point of view, study the speech features of modern youth, and determine its influence on language evolution. The article analyzes the conceptual meaning of the concept subculture, language expression and communicative features of postsubculture representatives.

Research methods: general theoretical method, diachronic analysis, discursive analysis. The research work is based on the model of speech culture.

In the era of globalization, subculture was transformed and replaced by postsubculture. In the postsubculture period, since young people prefer the virtual world, individualization has become a priority over group cohesion. In the main part of the article, it is proved that modern youth often use slang, jargons, anglicism, etc. in oral and written speech. Slangism has a great influence on overcoming tension in speech and developing communication. Moreover, abbreviations, dysphemism are met in the speech.

Keywords: postsubculture, language image, diachronic, distinctive features, discourse.

References

1. Erofeeva T. I. Subkul'tura v lingvisticheskom osveshhenii // Socio- i psiholingvisticheskie issledovaniya. – M.: – 2013. – № 1. – S. 5-10.
2. Blackman Shane. Subculture Theory: An Historical and Contemporary Assessment of the Concept for Understanding Deviance // Deviant Behavior. - 2014. - №35 (6). – P. 496-512.
3. Erasov B.S. Special'naja kul'turologija. – M.: Aspekt-Press, 2000. – 591 s.
4. Chijioko J. Nwalozie. Rethinking Subculture and Subcultural Theory in the Study of Youth Crime – A Theoretical Discourse // Journal of Theoretical and Philosophical Criminology. – 2015. №7. – P. 1-16.
5. Shepanskaja T.B. Simvolika molodezhnoj subkul'tury: opyt jetnograficheskogo issledovaniya sistemy 1986-1989gg. – M.: Nauka, 1993. – 340 s.
6. Gol'din V. E. Rechevaja kul'tura. – M.: Nauka, 1997. – 413 s.
7. Karasik V. I. Jazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs. – Volgograd: Peremena, 2002. – 477 s.

8. Karaulov Ju. N. Russkij jazyk i jazykovaja lichnost'. – M.: Izdatel'stvo LKI, 2010. – 264 s.
9. Sirotinina O. B. Harakteristika tipov rechevoj kul'tury v sfere dejstvija literaturnogo jazyka // Problemy rechevoj kommunikacii. – 2003. – №2. – S. 3-20.
10. Devid D., Dzheri Dzh. Bol'shoj tolkovyj sociologicheskij slovar'. – M.: Nauka, 2001. – 371 s.
11. Ryan M. Cultural studies: A practical introduction. H.: Wiley, 2010. – 210 p.
12. Thornton S. Club cultures: Music, media, and subcultural capital. – C.: Polity Press, 1996. – 302 p.
13. What is subculture? // An introduction to Japanese subcultures. Keio University. URL: <https://www.futurelearn.com/info/courses/intro-to-japanese-subculture>.
14. Yinger J. M. Contraculture and subculture // American sociological review. – US: American Sociological Association. – 1960. - №25 (5). – P. 625-635.
15. Haenfler R. Subcultures: The basics. L.: Routledge, 2013. - 192 p.
16. Hesmondhalgh D. Subcultures, Scenes or Tribes? None of the Above // Journal of Youth Studies. – 2005. - №8 (1). – pp. 21-40.
17. Kurbatov V.I., Volkov Ju.G., Vodenko K.V. Molodezhnaja subkul'tura v setevyh soobshhestvah: priority molodezhi v social'nyh setjah i transformacija social'no-informacionnogo povedenija // Gumanitarnye, social'no-jekonomicheskie i obshhestvennye nauki. – 2019. – №10 (96). – S. 34-38.
18. Smirnova E.O. Sovremennaja detskaja subkul'tura. – M.: Nauka, 2015. – 125 s.
19. Andreev V.K. Lingvisticheskie parametry tipologizacii sovremennyh molodezhnyh subkul'tur // Vestnik Volgogr. gos. un-ta. Jazykoznanie. – 2011. №1 (13). – S. 92-98.
20. Zharkova M.A. Maksimova O.A. Molodezhnye post(subkul'tury) v kontekste stanovlenija postmodernistskogo i informacionnogo obshhestva // Vestnik jekonomiki, prava i sociologii. – 2012. – № 3. – S. 257-261.

Автор туралы мәлімет:

Ибраева Меруерт Баянқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Астана, Қазақстан.

Ибраева Меруерт Баяновна – кандидат филологических наук, ассистент профессор Назарбаев Университета, Астана, Казахстан.

Ibrayeva Meruyert Bayanovna – candidate of philological sciences, assistant professor of Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.